

FTAMP 14.07.01

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v67i2.1215>

Бексейім Қадырбай^{1}, Шаттыгүл Ерхожина²*

¹“Kursant Bilim Group” ЖШС, Алмалыбақ, Қазақстан

²SDU University, Қаскелең, Қазақстан

*e-mail: kadirbai0110@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада мультимедиалық құралдарды оқытуда қолданудың маңызы сөз болады. Оның сабақ үдерісін белсендірудің маңызды бөлшегі ретінде, оқушының танымдық қабылдауы мен іс-әрекеттегі белсенділігін арттырушы құрал екендігі дәлелденеді. Оны тиімді қолдану меңгерілетін тақырыптың, материалдың мазмұнына және мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сондықтан мультимедиалық презентациялардың мазмұнды ұйымдастырылуы мұғалім үшін жетістік. Бұдан концептуалды педагогикалық жағдайлардың маңыздылығы көрінеді. Осы негіздерге сүйене отырып, мультимедиалық құралдарды тиімді қолдану үлгілері талқыланды. Осыған дейін де мультимедиалық технологиялар оқытуда өзінің тиімділігін дәлелдеп келген. Алайда бұл мақалада қазақ тілі пәнін меңгертуде мультимедиалық құралдарды қолданудың өзіндік ерекшеліктері сараланды. Үдерісте оқу ақпараттарының көрінісі үшін әртүрлі айқын құралдарды қолдану, оқытудың жаңа деңгейімен қамтамасыз ететіні айқындалады. Сонымен қатар оқыту жүйесіндегі заманауи оқыту талабына сай мультимедиалық ортаның оқытуда визуалдық қызметін дұрыс ұйымдастырудың маңызы түсіндіріледі. Мақалада аталған тақырыпты ашу, тұжырымдарды дәлелдеу мақсатында жаттығу-тапсырманың үлгілері де ұсынылып, түйінді тұжырымдармен қорытылды.

Түйін сөздер. мультимедиа, оқу-танымдық, интерактивті, веб-элементтер, анимация, подкаст, тиімділік, белсенділік.

Білім берудің негізгі мақсаты – тұлғалық бағдарлы оқыту. Бұл – белгілі білім, білік, дағды, қажетті құзыреттіліктерді сіңіре отырып, тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі білімнің мазмұны осы мақсатқа сәйкес құрылып, оқу бағдарламаларында көрініс тауып отыр. Білім сипатын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен құралдарын да тиімді қолданудың жаңаша жолдарын қарастыру – басты талаптар қатарында. Оқыту ісін сапалы ұйымдастыруды жүзеге асыруда мультимедиалық (ақпараттық) технологияларды қолдану үлкен мәнге ие. Қазіргі адамзат баласының барлық істе компьютерлік сауаттылығын қажет ететін ақпараттар ғасыры өзінен-өзі осы ғылымның қолданысын қажет етуде.

Сондай-ақ пәндерді оқыту мәселесінің ғылыми тұжырымдары жаңашыл технологиялар білім деңгейін жоғары сапаға көтеретінін дәлелдейді. Сондықтан қазақ тілі пәнін оқытудың әдістемелік деңгейін дамыту елімізде елеусіз қалмауға тиіс мәселе ретінде қарап, оның әдістемелік жүйесін кеңейте түсетін зерттеу жүргізуді мақсат еттік. Ізденіс барысында мультимедиялық технологиялар оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен ынтасын оятатыны байқалды. Олардың зейінін белгілі уақытқа шоғырландыруға және сабақ үдерісінде оқу белсенділігін арттырып, алған мәліметтерді нақты визуалды қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдерді қолдану пәннің мазмұндық ерекшелігі мен оқутанымдық материалдардың күрделілігіне де байланысты болып келетінін ескеру маңызды. Қазақ тілі пәні осы мәселелерді ескеруді қажет ететін пәндер қатарында. Қазақ тілі сабақтарының меңгерілуге тиісті грамматикалық тақырыптарының барлығы бірдей мультимедиялық әдістерді қажет етеді деген сөз емес. Сондықтан қазақ тілін оқытуда мультимедиялық тәсілдерді қолданудың өзіндік талаптары мен тиімді жолдары туралы кеңірек тоқталатын боламыз.


Мультимедиаға дыбысты мәтіндер, видеолар, графика, анимация, подкасттар арқылы ақпарат беретін программалы құралдар жатады. Қазіргі оқытуда оқушыны қызықтыратын, ақпаратты жылдам алуға және оқутанымдық материалды жеңіл меңгеруге, қабілеттерін ашуға, бейім бағыттарын анықтауға мол мүмкіндік беретін тәсілдер болып саналады. Оқушының сабаққа ынтасын оятумен қатар, ойлау, сөйлеу белсенділігі мен іс-әрекет және қолдану белсенділігін көтереді. Қазіргі таңда мультимедиялық құралдар, яғни түрлі бағдарламалар мен электронды оқулықтар, т.б. білімді ақпараттандыруда өте өзекті. Мәселен, тақырыпты түсіндіру барысында мұғалім қолданатын мультимедиялық көрнекіліктің берері көп. Мультимедиялық көрнекілікті қолданудың формасы сабақ мазмұнына тікелей байланысты. Мұндай құралдарды қолданудың тиімді әдістерін тәжірибе бойынша былайша атап кетуге болады:

1. Жаңа материалды меңгеру кезінде
2. Жаңа тақырып бекітілгенде
3. Білімдерді тексеру үшін
4. Сабаққа қосымша материал ретінде білімді тереңдету үшін
5. Фронтальды жеке жұмыстарды тексеру барысында.
6. Оқытушы сипаттағы тапсырмаларды орындау кезінде
7. Эмоционалды жүктеменің құралы
8. Үлестіруші дидактикалық материалды, кодограммаларды және карточкаларды дайындау құралы ретінде [1, 52].

Ғалымдардың пікірінше және тәжірибе көрсеткендей, мультимедиялық құралдар мұғалімге көрнекілік формасында материалды ұсынуға жақсы көмек береді. Ең қарапайым графикалық формаларды қолданудың өзі сабақ кезеңдеріндегі «мағынаны тануда» тиімді құрал саналады. Мұғалім шеберлігімен ұйымдастырылған презентация оқушылардың зейінін аударып, олардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігін тудырады. Алайда, педагог ғалымдардың тұжымдарын

ескеру, көрнекілікті қолдану талаптарын сақтау аса маңызды. «Спецэффектілермен байланысты презентацияның сыртқы қалпына қызығудың қажеті жоқ. Егер тым артығымен жасасаңыз, онда презентацияның жалпы тиімділігін төмендетесіз. Берілетін материал мен оның эффекттерінің арасындағы байланысты назарға алған жөн» [2, 48].

Кесте -1. Презентацияның түрлері



Қазақ тілі сабағында тақырыптарды түсіндіру көрнекіліктердің көмегімен жеңіл жүзеге асырылады. Мәселен, **MS Power point** көмегімен видео сабақтарды дайындауды қарастырып көрелік.

Презентация жасау үшін **Microsoft Power point** іске қосамыз.

Экранда құжаттың терезесі және панельдер мен басқару батырмалары пайда болады. Басқарушы батырмалар Файл, Жөндеу, Түрі, Қою және т.б. қатарынан тұрады. Құрал панельдерінен көп қолданылатындары: *стандарттық, форматтау, сурет салу*.

Интерактивті тақтаның басты панелімен жұмыс істеу:

1. «Қалам» - құралды белсенді ету үшін қалам белгісін қолдану. Ол басты панелдің оң жағында орналасады.

2. Басты панелдегі таңдалған түске қаламды апару. Мысалы, қара. Қаламды тақтадан алмай сөзді жазу.

Таным құралдарының ішінде мультимедиа әртүрлі әдіспен білімді ұсынуға мүмкіндік береді. Сабақты бекіту, іскерлік дағдыны қалыптастыру кезеңдерінде жаттығу-тапсырмаларды тақта панельдерінде орындату арқылы оқушылардың іс-әрекет белсенділігін дамытуға болады. Олардың қызығушылығы басымырақ болады да үдеріске араласу белсенділіктері жоғарлайды.

Мультимедиялық презентацияларды дайындау сатыларын былайша топтастыруға болады:



Сурет -1. Мультимедиалық презентацияларды дайындау сатылары

Заманауи сабақтардың нәтижелік көрсеткішіне қосатын тиімділік үлесімен қатар мультимедиалық құралдарды пайдаланудың негізгі күші оның қолдану шарттарын дұрыс орындаумен де анықталады. Қазақ тілі пәнін жүргізуде бұл оқытудың бір құралы ретінде қолданыс табады. Сабақ үдерісінде оқушылардың бір-бірімен өзара интерактивті диалогқа органикалық қосылуына, мәтіндерді аудиотыңдау арқылы жылдам игеруіне, танымдық деңгейлері, оқутанымдық белсенділігі мен қызығушылығының жоғарылауына жақсы әсер етеді. Сондай-ақ, мультимедиалық құралдарды пайдалана оқытудың артықшылығы:

- түрлі-түсті графиктердің, анимацияның, дыбыстардың, гипермәтіннің қолданылуына мүмкіндік береді;
- тұрақты жаңартылып тұруға мүмкіндік береді;
- интерактивті веб-элементтердің, мысалы, жұмыс дәптері немесе тесттердің болуына жол ашады;
- электронды кітапханаларда немесе білім сайттарында қосымша әдебиеттермен гипермәтінді орнатады, т.б. [3].

Қазақ тілі пәні бойынша мультимедиалық құралдарды пайдалануда пәннің ерекшелігін естен шығармау керек. Яғни, әдеби тілдік норманы меңгерту мен жаратылыс бағытындағы пәндерді оқытудың әдістемесіндегі айырмашылықтар назарда болуы тиіс. Сабақта қойылатын мақсаттар мен орындалатын қолданыс жаттығуларының мазмұны бір-біріне сәйкес келуі маңызды. Сондықтан мультимедиялық құралдардың мүмкіндіктерін қазақ тілі пәнінің мазмұндық, құрылымдық талаптарына сәйкес ұйымдастыру қарастырылады. Қазірде оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде оқуға мотивация беріп отыру өте маңызды болып отыр. Оқушының зейіні көп тұрақтамайтындықтан сабақтағы әрбір этапта бұл сақталуы тиіс оқытудың қажетті құрамды бөлігіне айналуға. Себебі оқушының дайындығы сабақ үдерісіндегі мұғалімнің ұсынған оқу міндеттерімен сәйкес келмесе, оқушының белсенділігі де қызығушылығы да бірден төмендейді. Сондықтан оқу мақсаттарын қоюда мұғалім білімгерлердің деңгейін ескерген жөн.

Мұғалім мультимедиялық құралдарды қолдану барысында оқу мақсаттарын нақты қою арқылы оқушыларда белгілі дағдыны қалыптастырып отырады. Оқушы компьютермен жұмысты бастағаннан одан не талап етіліп жатқанын білуі тиіс. Оқыту міндеттері сабақ барысында анықталады. Оқушы компьютердің әлем-жәлем дизайнына немесе суреттеріне қызықпауы керек, ол оқу мақсатын дұрыс түсініп, оны орындаудағы талаптарды қабылдап, өзінің іскерлік практикалық дағдысын қалыптастыратын деңгейге жетуі басты назарда болады. Жалпы заманауи оқыту жүйесінде «*Оқушы – мұғалім – оқушы*» коммуникациясының ұйымдастырылуы маңызды.



Сурет -3. Мультимедиалық құралдарды пайдаланудағы талаптар [4,5].

Қазақ тілі пәні бойынша мультимедиалық құралдарды қолдануға негізделген интерактивті тақтада жұмыс жаттығуларын (6-сыныпқа) жеңілден күрделіге қарай ұстанымы негізінде ұсынылады. Мәселен,

«Кім тез?» жаттығуы

Интерактивті тақтада берілген сөздерге тұйық етістік не көсемше жұрнақтарының бірін оқушы жылдам жалғап жазуы керек. Үздік болған 5 оқушы бағаланады.

Үлгі: Оқы + у = оқу, оқы + й = оқиды

Акси, аңқаусы, аңқи, арби, ая, бағжи, бақши, балши, байы, барти, борби, борси, кейі, кейки.

Мұндағы мақсат – сөздерді тұйық етістікке айналдыра білу және сөздерге жұрнақтарды дұрыс жалғату арқылы сөздік қорды молайту.

Сөзден сөз құрау жаттығуы

Оқушылардың «Түймедақ» сөзінен неше сөз шығаруын бақылау және интерактивті тақтадағы «түймедақ» суретіндегі гүлдің әр тостағаншаларын толтыру.

Мысалы: түйе, түйме, тай, ...

«Суретті билет» жаттығуы

Мултимедиалық тақтада суреттер көрініс табады. Суреттердегі әрекетті бейнелеп жазу керек.

Мысалы: гүл, торғай, қоян суреттері берілсе, солар бойынша затқа тән құбылыс пен әрекеттерді жазу тапсырылады. Сөйлемді тез, дұрыс бейнелеп жазып берсе, сол бала тапсырма орындаудың келесі кезеңіне өтеді.

Мысалы: қоянның тісі ақсиган, құлағы қалқиган, жүні мамық.

Сонымен қатар, тәжірибеде электронды оқулықпен жұмыстарды кеңейту мақсатында тапсырмаларды түрлендіріп берудің және сыныптың

жас ерекшелігінің қабылдау деңгейлерін ескерудің маңыздылығына көз жеткіздік.

Кесте -1. Тапсырмаларды сыныпқа қарай топтастыру

Сынып	Kahoot	ДжигСО	Тест	Сауалнама	Quizlet	Жалпы тақырыптық тапсырмалар мен жаттығулар
5-сынып	+			+	+	+
6-сынып	+	+		+	+	+
7-сынып	+		+	+	+	+

Тапсырмаларды әдеттегі қалыптан гөрі интерактивті тақтадан көрсету анағұрлым көбірек нәтижеге жеткізетіні аңғарылды. Эксперимент тәсілдері арқылы анықталған көрсеткіштер жалпы, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай мультимедиалық құралдарды талғап қолдануды ұсынады. 5,6-сыныптарда оқушылар брейн-ринг, блиц турнир интеллектуалдық ойындарына көп қызығатын болса, 7-сынып оқушылары тест сұрақтарын мультимедиалық құралдар арқылы шешуге көбірек қызығатыны анықталды. Бұлардың қайсысы болмасын, оқушының зиятына әсер ететін, оқутанымын кеңейтетін үдерістер. «Басқа техникалық оқыту құралдарына қарағанда компьютерлік оқыту бағдарламаларының интерактивтілігі, яғни оқушының сұрақтары мен іс-әрекетіне дереу жауап беру мүмкіндігі бар екендігі, оның үстіне мәселені анықтай түсуге, мәліметтерді беруге, оқушыға ақпаратты ұсына алатындығында»[5,26].

Қорыта келе, біз тәжірибе барысында мультимедиалық технологияларды қолданудың мынадай түйіндемесін жасадық:

-оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігін арттырады;

-ойлаудың алгоритмдік стилі дамиды, тиімді шешімдер қабылдау, вариативті әрекет ету қабілеттерін қалыптастырады;

- оқытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді;

-мұғалім артық жұмыстардан арылып, шығармашылыққа беттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. /- М., РГУ, 1983. -30б.
- 2 Сүлейменова Б.Б. Интерактивті тақтаның арнайы бағдарламасын пайдалану технологиясы /оқу құралы/ Ақтау: Ш.Есенин атындағы ҚМТЖИУ,2010, - 77б.
- 3 3.Тухметов Н.О. / Үштілдік интерактивті оқыту технологиясы: оқу

кұралы/ - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат» баспасы, 2013.-89б.

- 4 Ана тілін оқытудың интерактивті әдістері: ғылыми-әдістемелік жинақ / құрастырушы А. Махамбетова; Тіл комитеті. -Астана. 2010. - 56б.
- 5 Алдабергенова А.О. Ашық интерактивті тапсырмалардың компьютерлік бағдарламаларын жасаудың әдістемесі.// пед. ғыл. канд. дис. Алматы, 2010,- 32б.

Reference:

1. Bogoyavlenskaya D. B. intellectual activity as a problem of creativity. / - М., RSU, 1983. – 30 p.
2. Suleimenova B. B. technology of using a special program of an interactive whiteboard /tutorial/ Aktau: Sh.Yesenin Kmtzhiu,2010, - 77p.
3. Tukhmetov N. O. / technology of trilingual interactive learning: a manual / - Almaty: Abai Kaznpu. Publishing house "ulagat", 2013.- 89p.
4. interactive methods of teaching the native language: scientific and methodological collection / compiled by A. Makhambetova; Language Committee. - Astana. 2010. - 56p.
5. Aldabergenova A. O. methodology for developing computer programs for open interactive tasks.// PED. science. Kand. dis. Almaty, 2010, - 32p.

Bekseit Kadirbai¹, Shattygul Yerkhozhina²

¹¹“Kursant Bilim Group” LLP, Almaty, Kazakhstan

²SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: kadirbai0110@gmail.com

INCREASING THE ACTIVITY OF STUDENTS THROUGH THE USE OF MULTIMEDIA TOOLS IN THE LESSON OF THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article will discuss the importance of using multimedia tools in teaching. It is proved that it is an important component of the activation of the lesson process, a means of enhancing the cognitive perception and activity of the student in activities. Its effective use depends on the topic being mastered, the content of the material and the skill of the teacher. Therefore, the meaningful Organization of multimedia presentations is an achievement for the teacher. It shows the importance of conceptual pedagogical conditions. Based on these foundations, models for the effective use of multimedia tools were discussed. Before that, multimedia technologies have proven their effectiveness in teaching. However, in this article, specific features of the use of multimedia tools

in mastering the subject of the Kazakh language were analyzed. In the process, it is determined that the use of various clear tools for the reflection of educational information provides a new level of learning. It also explains the importance of the correct Organization of visual activities of the multimedia environment in teaching in accordance with the requirements of modern teaching in the teaching system. In order to reveal this topic and prove the conclusions, the article also presented samples of the exercise-task and summarized the key conclusions.

Keywords: multimedia, educational and cognitive, interactive, web elements, animation, podcast, efficiency, activity.

Бексеит Кадырбай¹, Шаттыгуль Ерхожина²

¹¹“Kursant Bilim Group” TOO, Алмалыбак, Казахстан

²SDU University, Каскелен, Казахстан

*e-mail: kadirbai0110@gmail.com

ПОВЫШЕНИЕ АКТИВНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ СРЕДСТВ

Аннотация. В статье речь пойдет о важности использования мультимедийных средств в обучении. Доказано, что он является важной деталью активизации учебного процесса, средством повышения познавательного восприятия и активности учащегося в деятельности. Эффективное его использование зависит от содержания изучаемой темы, материала и умения учителя. Поэтому содержательная организация мультимедийных презентаций является достижением для учителя. Отсюда проявляется важность концептуальных педагогических условий. На основе этих основ обсуждались модели эффективного использования мультимедийных инструментов. Еще до этого мультимедийные технологии доказали свою эффективность в обучении. Однако в данной статье были проанализированы специфические особенности использования мультимедийных средств при изучении казахского языка. В процессе определяется использование различных наглядных средств для отражения учебной информации, обеспечивающих новый уровень обучения. Также объясняется важность правильной организации визуальной деятельности в обучении мультимедийной среды, отвечающей требованиям современного обучения в системе обучения. В статье также представлены примеры упражнений-заданий с целью раскрытия данной темы, доказательства выводов, обобщены ключевые выводы.

Ключевые слова: мультимедиа, учебно-познавательные, интерактивные, веб-элементы, анимация, подкаст, эффективность, активность.

Келін түсті 15 Сәуір 2024